

Фитосанитарлық карантиндік бақылау
жасауға деген шығынды бағалау.

- Міндеті: Карантиндік шараларды жүргізуде негізгі талаптармен танысу
- Мақсаты: Карантиндік шаралар жүргізу тиімділігін есептеп үйрену.

Жоспар

- 1. *Карантиндік шаралар жүргізуге деген шығын түрлері*
- 2. *Карантиндік организмдерді анықтау және табу мәселелері*
- 3. *Карантиндік шаралар жүргізу тиімділігі*

Карантиндік шаралар жүргізуге деген шығын мыналардан тұрады:

- ҚР территориясы үшін карантиндік организмдерді фитосанитарлық талдау;
- карантиндік тексеруге жатқызылған жүктер үлгілерін, өнімдер мен карантинге жатқызылған материалдарды, көлік құралдарын фитосанитарлық тексеру;
- карантиндік организмдерді табу мақсатымен территория мен екпе ағаштарды тексеру;
- энтомологиялық сараптау;
- гербологиялық сараптау;
- фитопатологиялық сараптау;
- өсімдік материалдары өнімдерін және басқа да карантинге жатқызылған материалдарды, көлік құралдарын зарарсыздандыру;
- фитосанитарлық құжаттар дайындау;
- фитосанитарлық құжаттар беру.

- *Карантиндік организмдерді анықтау және табу мәселелерін ескере отырып, зиянды организмдер жасайтын фитосанитарлық тәуекелділікті талдау карантиндік организмнің экономиканың аграрлық секторына деген кері әсеріне қарсы әрекет бойынша шаралар дайындауға арналған орталық та бастапқы пункт болып табылады. Зиянкестер жасайтын тәуекелділік арқылы бағалағанда әрбір организм мүмкін енуі, орнығуы, таралуы және экономикалық мәні көрсетіле отырып бағаланады.*



- Бір карантиндік түрдің фитосанитарлық тәуекелділігін сараптауды өсімдік карантині саласының кәсіби маманы 6–8 ай бойы жүргізеді. Сонымен бірге ол түрдің табиғи ареалдағы жағдайын, сол ареалдағы да, сондай-ақ ФТС аралындағы да экономикалық мәнін зерттейді.



Карантиндік шаралар жүргізу тиімділігінің тура көрсеткіші – зиянды организмдерді басу нәтижесінде алынған қосымша өнім. Қосымша (сақталушы) өнімнің шығынмен қоса құндық бағасының көлемін өлшемдеуі таза табысты сипаттайды. Әйтсе де өнім сапасының мүмкін төмендеуін, топырақ құнарлылығының өзгерісін, айналадағы ортаның ластануын, зиянды организмнің қатты дамуын (қарқынды көбеюін), карантиндік мониторингке және қажетсіз салдарларды жоюға жұмсалатын қосымша шығындар соммасымен өлшенетін әсерлер көлемін ескеру қажет. Карантиндік мониторинг зиянды және пайдалы организмдер жағдайларын анықтауға мүмкіндік береді.



- Әрбір нақты жағдайда карантиндік шаралар өткізудің экономикалық орындылығын анықтау негізі ретінде нақты карантиндік зиянкестер сан мөлшерін және олармен күреске шыққан шығындар шамасын салыстыру алынады. Бұл кезде мынандай теңдік сақталуы тиіс:

$$NP - E_n \leq SR.$$

NP - коэффициентпен көрсетілген қажетті рентабельділік деңгейі

E_n – карантиндік шаралар жүргізуге шыққан шығын, тг;

S – зиянның әлеуетті ареалының алаңы, га,

R – әлеуетті зиян бағасы, тг/га.

ӨНІМ ШЫҒЫНЫНЫҢ БАҒАСЫ

Ауыл шаруашылығы дақылдарының зиянкестерден болатын әлеуетті өнім шығыны әрбір дақыл бойынша бөлек және әрбір карантиндік түр бойынша бірден бастап үлеспен көрсетілетін қоныстанған алаңы көрсеткіштерін зиянкестер сан мөлшеріне және 1 м^2 -ге бір зиянды организмнен келген кездегі өнімнің (u) төмендеу көлеміне, сондай-ақ өнім бірлігінің сатылатын орташа бағасына көбейту жолымен есептеледі.

Өнімнің әлеуетті шығыны (тг/га):

$$R_n = Q \cdot C \cdot O \cdot B;$$

Q – алаңға қоныстануы, бірліктен үлеспен көрсетілген;

C – зиянды организмдердің сан мөлшері, дана/м²;

O – бірлік – 1 м²-ге бір зиянкестен келгенде, ц/га;

B – орташа сату бағасы, тг/ц.

Әрбір зақымдалу деңгейі үшін нақты әлеуетті шығын жалпы зақымдалу пайызын анықталған зақымдалу деңгейінің пайызына және сол деңгей өнімділігінің (ц/га) төмендеу көрсеткішіне көбейту жолымен есептеледі.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының карантиндік организмдерден болатын әлеуетті, яғни басым шығыны:

$$R_n = TC \Theta T_B;$$

- T – бірліктен үлеспен көрсетілген аурудың таралуы;
- C – белгілі бір зақымдалу деңгейіндегі алаңның сыбағалы салмағы
- ΘT – әр түрлі зақымдалған егіс өнімінің төмендеуі,
- B – орташа сату бағасы, тг/ц;

$$\Theta T = B \Theta N_{ш}$$

- B Θ – болжанған өнім, ц/га;
- N_ш – белгілі бір зақымдалу деңгейіндегі нормативтік шығын, %.



